

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 194 шешіміне және өздеріне қатысты экспорт пен импорттың сандық шектеулері белгіленген тауарлар тізбесінің 21.1-бөліміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 25 қаңтардағы № 16 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 46-бабына және Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа №7 қосымша) 4, 13, 16 және 17-тармақтарына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 21 қаңтардағы тапсырмасын орындау үшін Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы "Өздеріне қатысты экспорт пен импорттың сандық шектеулері белгіленген тауарлар тізбесінің 2<sup>1</sup>.1-бөліміне өзгерістер енгізу туралы және ағаш материалдарының жекелеген түрлеріне қатысты экспорттың уақытша сандық шектеулерін енгізу туралы" № 194 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) аталған Шешімге № 1 қосымшада:

1-тармақта "Бөрене, кесек отын, бұтақ, шөпшем байламдары түріндегі немесе соған ұқсас түрлердегі отын сүрегі\*\*" атауы бар позиция мынадай редакцияда жазылсын:

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                            |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
| "Ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем бөренелерден және ұзындығы 0,5 м-ден кем бөренелерден басқа, бөрене, кесек отын, бұтақ, қылқанжапырақ байламы түріндегі немесе осыған ұқсас түрлердегі отын сүрегі және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем, ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см және одан да көп жарылған бөренелер және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см және одан да көп жарылған кесек отындар**" | 4401 11 000 1-ден<br>4401 11 000 9<br>4401 12 000 1-ден<br>4401 12 000 9"; |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|

3-тармақ "ЕАЭО СЭҚ ТН кодын басшылыққа алу қажет." деген сөздерден кейін ", бұған ЕАЭО СЭҚ ТН 4401 11 000 1 және 4401 12 000 1 кіші қосалқы позициясындағы отын сүрегі қосылмайды, оған қатысты ЕАЭО СЭҚ ТН коды да, тауарды атауы да қолданылады" деген сөздермен толқтырылсын.

б) аталған Шешімге № 2 қосымшаның бірінші позициясында:

"Тауардың атауы" графасында мәтін "ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем бөренелерден және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем

кесек отындардан, ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден және одан да көп жарылған бөренелерден және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден және одан да көп жарылған бөренелерден басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

"Тауардың атауы" графасындағы "ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем бөренелерден және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем бөренелерден, ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден және одан да көп жарылған бөренелерден және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден және одан да көп жарылған бөренелерден басқа" деген сөздер "ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем пакеттелген немесе буып-түйілген бөренелерден, ұзындығы 0,5 м-ден кем пакеттелген немесе буып-түйілген кесек отындардан қалыңдығы 16 см-ден кем, ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден және одан да көп пакеттелген немесе буып-түйілген жарылған бөренелер және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден және одан да көп пакеттелген немесе буып-түйілген жарылған кесек отындардан басқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ЕАЭО СЭҚ ТН коды" графасында ЕАЭО СЭҚ ТН "4401 11 000 1" коды "4401 11 000 1-ден" сөздерімен, ЕАЭО СЭҚ ТН "4401 12 000 1" коды "4401 12 000 1-ден" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Өздеріне қатысты экспорт пен импорттың сандық шектеулері белгіленген тауарлар тізбесінің 2<sup>1</sup>.1-бөлімінің кестесінде (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 2<sup>1</sup> қосымша) екінші позиция атауындағы "ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем бөренелерден және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем кесек отындардан және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден және одан да көп жарылған бөренелерден және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден және одан да көп жарылған кесек отындардан басқа" деген сөздер "ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем пакеттелген немесе буып-түйілген бөренелерден және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем пакеттелген немесе буып-түйілген кесек отындардан, ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден кем пакеттелген немесе буып-түйілген жарылған бөренелерден және ұзындығы 0,5 м-ден кем және қалыңдығы 16 см-ден және одан да көп пакеттелген немесе оралған жарылған кесек отындардан басқа" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Осы Шешім 2022 жылғы 28 қаңтардан бастап күшіне енеді, бұған 1-тармақтың "б" тармақшасының үшінші абзацы және 2-тармағы қосылмайды.

Осы Шешімнің 1-тармағының "б" тармақшасының үшінші абзацы және 2-тармағы осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 60 күн өткен соң күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК